

«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МҚҚҚ Алға, Қобда аудандық ғылыми зерттеу бөлімдеріне жүргізген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша қоғамдық талқылау
ХАТТАМАСЫ

Ақтөбе қаласы

28 шілде 2023 жыл

Төрағалық етуші: М.Е.Кулмұханов- директордың міндетін атқарушы,
Қатысқандар: музей қызметкерлері /тізім бойынша/
Хатшы: Г.Дакешова

Күн тәртібінде:

«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МҚҚҚ Алға, Қобда аудандық ғылыми зерттеу бөлімдеріне жүргізген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша қоғамдық талқылау.

Төрағалық етуші: 2023 жылға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл шараларының Жоспарына, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 19.06.2023 жылғы 1-5/1290 санды хаты негізінде, музей директорының 21.06.2023 жылғы №-95 Н/Қ санды бұйрығына сай құрамда ішкі талдау жұмысы жүргізілді.

Жұмыс қорытындысы бойынша есепті тыңдайық.

А.Аймағанбетова: Ишкі талдау Жоспары бойынша 2023 жылдың шілде айының 01 наң бастап Алға, Қобда аудандық бөлімдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс нәтижесінде екі сыйбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

1.Алға, Қобда аудандық бөлімдерінің музейдің басқа құрылымдық бөлімдерімен өзара байланысына мониторинг нәтижесінде корларды ғылыми зерттеу бөлімімен ай сайын қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясы отырысының хаттамаларымен таныстырылған. Құжаттарға сай Алға, Қобда аудандары әр ай сайын қорға экспонаттар тапсырып, комиссия отырысына мүше ретінде қатысып отырады екен. Алайда, бөлім менгерушілерін немесе мамандарды комиссия отырысына шақыру үшін қорларды ғылыми зерттеу бөлімінен немесе бас қор сақтаушы тарапынан құрылымдық бағыныштылық бойынша директорға немесе директордың ғылыми істері жөніндегі орынбасарына қызметтік хат жолданбаған, кадр инспекторына аталған қызметкерлерді іс сапарға жіберу жөнінде ұсыныс түспеген, хабарлама берілмеген, олар өз бетінше комиссия отырысына телефон арқылы хабарлама алумен ғана шектеліп жолға шығып, Алға –Ақтөбе –Алға және Қобда – Ақтөбе-Қобда бағыты бойынша іс сапар шығындарын өз қалтасына төлеп келген.

Құрылымдық бөлім менгерушілері мен әкімшілік құрамдағы жауапты қызметкерлерге қатаң бақылауға алу үшін төмендегі мәселелер бойынша бұйрық шығарып, таныстыру ұсынылды:

1.1. Бөлім менгерушілері немесе жауапты әкімшілік тұлға- қызметкерлерінің кез келген сыртқы қозғалысына қызметтік хат, ұсыныс хат жолдау арқылы басшылықтан рұқсат алу;

1.2. Іс сапармен жолға шығу үшін басшылықтың рұқсатын алған соң іс сапар туралы бұйрық шығару, тиісті қызметкерлерді таныстыру, есеп бөліміне жолдау; жол шығындарын немесе іс сапар шығындарын тиісті көлемде төлеу;

1.3. Құрылымдық бөлім менгерушілері, әкімшілік-басшылық құрамдағы жауапты тұлғалар күжаттардың талапқа сай тиісті түрде рәсімделуін қатаң бақылау;

2. Музейге келушілер музейді аралап таныс болуы үшін бекітілген прейскурантқа сай билет алғып кіреді. Алға және Қобда аудандық бөлімдері музейге келушілерді ақысыз қабылдан отыр. Себебі, Алға аудандық бөлімінің жеке гимараты жок; музей бөлімі көпқабатты үйдің бірінші қабатына көшірілген, әлі де экспонаттар бұрынғы гимараттан көшірілуде, экспозиция жасақталмаған; музейге берілген нысан өте сүйк, жертөленің іісі мен ылғалдылығы әрі зиян әрі келушілердің асықпай экспонаттармен танысуына кедегі келтіреді. Бұл себептер комплаенс қызметі мүшелерінің іс сапары кезінде айқын көрініп, өз дәлелін тапты. Алайда, бұл жөнінде бөлім менгерушісінен тиісті қатынас қағазы түспеген, музейден арнайы топ тексеру жүргізбеген, дәлелді дәйектерге сүйеніп, музейдің Алға аудандық бөліміне кіру тегін екендігі жөнінде басшының нормативтік актісімен бекітілмеген, халыққа жарияланбаған.

Сондықтан, музейдің Алға аудандық гимаратының жағдайына байланысты тиісті Акт жасау; прейскурантқа сай кіру билетін сатпай ақысыз қабылдау және экскурсия жүргізу үшін тиісті шаралар қабылдан, бұйрықпен бекіту; Ақысыз қабылдау жөнінде басшының актісімен музейге келушілерді хабардар ету және Қобда аудандық бөлімі жаңа гимаратта келушілерді уақытша ақысыз қабылдау жөніндегі шешімді тиісті нормативтік актімен рәсімдеу; ақысыз қабылдау жөнінде басшының актісімен музейге келушілерді хабардар ету.

Шикі талдау жұмысы барысында музей директорының міндетін атқарушы М.Е.Кулмухановтың қолымен 25.07.2023 ж. №129 санды бұйрығымен сыйайлас жемқорлық тауекелдерінің жою жөнінде Жоспар бекітілді, Жоспар бойыниша талаптар орындалып, бұйрық қызметкерлермен таныстырылды, бөлімдердің гимарат жағдайы мен экспозициясы жөнінде Актілер жасақталды.

Хаттамага қоса жалғанды: Бұйрық көшірмесі, талқылауга қатысуышылар және бұйрықпен танысқандар тізімі, Жоспар, Алға және Қобда аудандық бөлімдері бойыниша Актілер.

Төрағалық етуші:

М.Е.Кулмуханов

Хатшы:

Г. Дакешова